

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ КЕЗЕҢІ¹
THE PROCESS OF TRANSITION TO LATIN ALPHABET
IN KAZAKHSTAN

Ахмет ГҮНГӨР*
Бурхан Умур АТИКОЛ**

Түйіндеме

Қазақстанда ҚР Үкіметінің шешімімен латын әліпбиіне көшу үдерісі басталды. Жоғары оқу орындары мен бұқаралық ақпарат құралдарында тіл мамандары, саясаткерлер және зиялы қауым өкілдері тарапынан пікірталас тудырған әліпби мәселесіне қатысты қазақ халқының өзіндік мол тәжірибесі де бар. Осы тәжірибе негізінде Қазақстан үкіметінің әліпби мәселесін арнайы мамандардың талқысына салуы өз кезегінде өте маңызды шешім болып табылады.

Мақалада авторлар түркі халықтарында қолданылған латын графикасының тарихына, түркі халықтарының тілі мен тарихына айтарлықтай серпіліс әкелген 1926 жылы Бакуде өткен Түркология Конгресінің жұмысына, Қазақстандағы латын әліпбиіне көшу барысында атқарылған жұмыстарға шолу жасайды.

Кілт сөздер: Әліпби, латын әліпбиі, Түркология конгресі, қазақ тілі, Ахмет Байтұрсынұлы.

Summary

By the decision of the Government of the Republic of Kazakhstan, the process of transition to the Latin alphabet began. There is an exceptional experience of the Kazakh people in higher educational institutions and mass media on the alphabet, which was discussed by language specialists, politicians and intellectuals. Based on this experience, it is important that the government discuss the alphabet.

In the article the authors consider the work done in 1926 in the work of the Turkic Congress in Baku and the transition to the Latin alphabet in Kazakhstan, which had a great influence on the history of the Latin graphics used in the Turkic peoples, the language and history of the Turkic peoples.

Keywords: Alphabet, latin, Turkic-speaking congress, Kazakh, Ahmet Baitursynov.

¹Бұл тақырып бойынша Ақтау қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен "Қазақ әліпбиін латын әріптерімен таңбалаудағы ерекшеліктер" атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (12.10.2017) баяндама жасалған.

* доцент, доктор. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Дайындық факультеті, Кентау-Қазақстан.

Doç. Dr. K.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University. Kentav-Kazakhstan. gungorelda@hotmail.com

** Түрік филологиясы магистрі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Кентау-Қазақстан.

Master of Science. K.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University. Kentav-Kazakhstan. umuratikol@hotmail.com

Түрік және қазақ халықтарындағы латын әліпбиінің тарихы

Түркі халықтары қоныс тепкен мекендері мен өмір сүрген кезеңдері бойынша қазіргі уақытқа дейін бірнеше әліпби түрін қолданған. Атап айтар болсақ, көктүрік, ұйғыр, қытай, араб, иврит, армян, грек және кирилл әліпбилері. Түркі халықтарының тіл және мәдениет тарихында латын әліпбиі мәселесі күні бүгінге дейін өзектілігін еш жоғалтқан емес. Осы мәселеге қатысты 1926 жылы 26 ақпан - 6 наурыз аралығында Бакуде өткен Түркология Конгресін айта кеткен жөн. Бұл конгресс, әсіресе, түркі халықтарының тілі мен тарихына ауыз толтырып айтарлықтай серпіліс әкелді.

Орыс, неміс, мажар және түркі әлемінен келген тіл мамандары мен түркологтардың қатысуымен өткен конгрестің ең маңызды әрі қызу талас тудырған отырысы Ресейдегі түркі халықтарының латын әліпбиіне көшуіне қатысты өткен еді. Сол отырыста *«Ресейдегі түркі халықтары қолданысындағы араб әліпбиін ауыстырудың дұрыс-бұрыстығы; Ауысқан жағдайда орнына кирилл немесе латын әліпбиін қолдану-қолданбау; Ресейдегі түркі халықтары үшін ортақ әліпби ме, әлде жеке-жеке әліпби жасау дұрыс па»* деген секілді мәселелер қаралып, қызу пікірталас тудырған болатын [1, 7-8].

Осы пікірталастар нәтижесінде латын әліпбиіне көшу мәселесі мақұлданып, Әзірбайжан мен Түркияның латын әліпбиіне көшуіне себеп болды.

1928 жылдың 1 қарашасында Түркияда араб әліпбиінен латын әліпбиіне көшу әрекеті басталды. Ататүріктің нақты тапсырмасымен аз ғана уақыт ішінде газеттер мен оқулықтар латын әліпбиімен басылып, білім саласында жаппай латынға көшуге жұмылдыру жұмыстары басталып кетті.

Түркияда қазіргі уақытта қолданылып жүрген латын әліпбиінің латын әріптерін қолданатын өзге елдердің әліпбилерінен айырмашылығы бар.

Қазақстандағы латын әліпбиі

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, өз алдына тәуелсіз ел болған түркі тектес халықтардың күн тәртібіндегі ең басты мәселе латын әліпбиіне көшу болды. Әзірбайжан, Түркіменстан және Өзбекстан елдері латын әліпбиіне көшті. Осы елдер саяси және стратегиялық жағдайларына байланысты латын әліпбиіне көшкен соң, 2017 жылы ҚР үкіметі латын әліпбиіне көшу туралы мәселені Парламентке ұсынды.

Жоғарыда аталғандай, геостратегиялық орналасуы мен ұстанып отырған халықаралық саясатының шеңберінде Қазақстанның латын әліпбиіне көшу туралы шешімі мен әрекетін Түркиямен, өзге де түркі тілдес елдермен салыстыру орынсыз. Өйткені Қазақстан Үкіметі қазақ елінің келешегі үшін ұтымды шешім шығарып, қандай қадам жасау керектігін жақсы біледі.

Қазақ халқы латын әліпбиімен қатар тіл мен мәдениет саласында да жинақтаған мол тәжірибеге ие. Осы тәжірибеге сүйене отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев тіл мамандары, әдебиетшілер, өнер адамдары және зиялы қауым өкілдеріне аталған мәселені білім ордалары мен бұқаралық ақпарат құралдарында жан-жақты талқылау үшін бар мүмкіндікті жасап отыр. Тіл мамандарының ортақ шешімдері нәтижесінде қазақ тілінің дыбыстық құрылымына сай толыққанды әліпби әзірленетініне еш күмәніміз жоқ. Дейтұрғанмен, кемшіліксіз әрі толыққанды әліпби жасау үшін қазақ тарихында тіл мен әліпбиге қатысты жазылған еңбектерді, қысқаша болса да, айта кеткен жөн болар.


Қазақ халқының Қазан төңкерісінен бұрын да тіл мен әдебиет саласында атқарған жұмыстарына көз жүгіртер болсақ, құнды еңбектер жазып қалдырғандарын көруге болады. Кірме сөздерді қазақ тілінің дыбыс ерекшеліктері бойынша үйлестіру, диаспора (Қытай, Моңғолия, Иран, Түркия) өкілдерінің қолданысындағы тілдің қазақ тілінен ешқандай айырмашылығы болмауы және диалектілерде өте аз мөлшерде ғана парықтың орын алуы секілді ерекшеліктер қазақ тілінің түркі тілдері арасындағы ең бай тілдердің бірі екенін көрсетеді. Мұның дәлелі ретінде ғалым Ә. Қайдардың жылдар бойы жинақтап жариялаған он мыңдаған мақал-мәтелдері мен тұрақты сөз тіркестерін атауға болады.

Зерттеуші-ғалымдар 1929 жылға дейін қолданылған араб әліпбиінің 4 түрлі орфографиялық ерекшелігі болғанын атап көрсетеді. Олар: «1) Араб әріптерімен жазылған мәтіндердің қазақ тілінің айтылуына сай келмеуі. Басқаша айтқанда, татар тілі мен шағатай тілінің тілдік ерекшеліктері көптеп кездесетін мәтіндер; 2) Аз да болса қазақ тілінің дыбыс ерекшеліктері басым араб әріптерімен жазылған мәтіндер; 3) Ильминский жасаған қалай айтылса, солай жазылатын және қалай жазылса, солай айтылатын, бірақ кейбір еңбектерде ғана қолданылған әліпби жүйесі; 4) Усул-и савтийе, яғни тілдің дыбыстық методы негізінде басылған еңбектерде қолданылған әліпби» [1, 4-5].

1861 жылдан 1929 жылға дейінгі тарихи кезеңде тіл, әліпби, жазу т.б. тақырыптарда қазақ тілшілері мен зиялылары арасында болған пікірталастарда Ы. Алтынсарин мен А. Байтұрсынұлы ұсынған әліпби маңызды рөл атқарған. Орыс-қырғыз мұғалім даярлау мектебін бітірген Ы. Алтынсарин (1841-1889) Орынборда Ильминскиймен танысады. Ильминскиймен бірге орыс әріптері негізінде қазақ оқушыларға арналған оқулықтарды шығарумен айналысатын комиссияға мүше болып сайланады. Қазақша мәтіндерді алғаш рет кирилл әріптерімен басып шығарады. Әліпбидің астарында саяси бір мақсаттың бұғып жатқанын сезген Ы. Алтынсарин араб әріптерімен жазылған қазақша мәтіндер топтамасын жариялаған. Осы еңбекке Жәнібек Хан, Темір, Едіге, Абылай хан туралы мәтіндер және «Қобыланды батыр» дастандары енгізілген. Мұнымен қатар араб әріптерімен қазақша «Сара-ит-ул Ислам», яғни «Мұсылмандықтың тұтқасы» (1883) атты еңбек жариялаған [2, 49-52].

Ахмет Байтұрсынұлының 1914 жылы жариялаған «Тіл-Құрал» атты еңбегі қазіргі тіл білімінің принциптері бойынша қазақ тілін зерттеуге жол ашып берді. 1873 жылы Торғай облысына қарасты Сарытүбек Уалаятында өмірге келген А. Байтұрсынұлы Орынбордағы Орыс-қырғыз мұғалім даярлау мектебінде білім алған. Мектепті 1895 жылы бітірген. 1913 жылы Әлихан Бөкейхан және Міржақып Дулатпен бірге «Қазақ» газетін жарыққа шығарады. Ақын әрі ғалым Ахмет Байтұрсынұлы тіл білімі мен қазақ тарихына қатысты елеулі еңбектер жазып қалдырған. Крыловтың мысалдарынан бөлек орыс әдебиетінің басқа да өкілдерінен аудармалар жасаған [3, 27-28].

1929 жылдан бері қолданылып келе жатқан латын әліпбиінде кирилл әріптері кездеседі. 1936 жылы «Қазақстан көркем әдебиет» баспасы жариялаған «Абай өлеңдері» атты кітапта осы әліпбидің ерекшеліктері толықтай кездеседі: j=й, q=қ, η=ң, c= ж, b= б, m=м, t= т, v=в, f=ф, r= р, p=п, k= к, q=қ, d= д, l=л, s= с, z=з, u=ұ, y=ү



[4].

Кітапта кирилл әріптерінің баламасы ретінде қолданылған латын әріптерімен қатар ө және і дыбыстарын ь айыру белгісімен берген.

Уақыттың талабы негізінде қолданылып келе жатқан қазіргі әліпбиді технология мен ғылымның дамыған уақытында қайта қарастырып, қазақ тілі емле-ережелерінің талаптарына жауап бере алатындай етіп жасау қажет. Қазақ тілі мамандары мен зиялыларының жоба ретінде әзірлеген әліпбиінде кей дыбыстардың қос таңбамен берілуі секілді келеңсіздіктер орын алған. Бұл жерде қазақ тілін ана тілі ретінде үйретумен қатар шет тілі ретінде де үйрету керектігін естен шығармаған абзал. Қазақстанға білім алу мақсатында туыстас елдермен қатар тілі мен мәдениеті бөлек елдерден де білім алушылар келіп жатыр. Сонымен қатар қазақ тіліне деген қызығушылық Түркия мен өзге елдерде де күн санап артуда.

№	Латын таңбасы	Дыбысталуы	Транскрипциясы	Мысалы
1	Ae/ae	Әә	[ə] [æ]	<i>aelem</i>
2	Oe/oe	Өө	[ø]	<i>oerken</i>
3	Ue/ue	Үү	[y]	<i>uekimet</i>
4	Ng/ng	Ңң	[ың]	<i>tangba</i>
5	Gh/gh	Ғ ғ	[ɣы]	<i>ghylum</i>
6	Ch/ch	Чч	[чы]	<i>Chempion</i>
7	Sh/sh	Шш	[шы]	<i>Shyndyq</i>
8	Zh/zh	Жж	[жы]	<i>zhazw</i>

Жоғарыда берілген мысалдардан байқағанымыздай, бір дыбыстың екі әріппен берілуі ақпарат және қарым-қатынастың жылдамдығы артқан заманда, әсіресе компьютер қолдану кезінде жылдамдықты тежейді және түсінбестікке себеп болады. Мысалы, *Жазу ережелерін жақсы білу керек (Zhazw erejelerin zhaqsı bilw kerek)*

Мысалда берілген сөйлемнен, қазақ яки түрік тілі болсын, буын түрлерінде болуы тиіс (дауыссыз-дауысты немесе дауысты-дауыссыз) қалыптасқан құрылымға сай еместігін көреміз (zhazw, ghylum vd.)

Қазақстан Республикасының Парламенті тарапынан мақұлданған және Елбасы Н.Ә.Назарбаев бекіткен әліппе жобасы 2025 жылға дейін енуі тиіс 32 әріптен тұратын әліппеде кейбір әріптер апострофпен (‘) берілген.

А. Гүнгөр, Б. У. Атикол. Қазақстандағы латын әліпбиіне көшу кезеңі.

№	Латын таңбасы	Дыбысталуы	Транскрипциясы	Мысалы
1	A'/a'	Әә	[ə] [æ]	A'lem
2	G'/g'	Ғ ғ	[ɣы]	G'ylym
3	I'/i'	И й	[ий]	I'telgi
4	N'/n'	Ңң	[ың]	Man'ızdı
5	O'/o'	Өө	[ө]	O'rken
6	S'/s'	Шш	[шы]	S'yndyq
7	C'/c'	Чч	[чы]	Chempion
8	U'/u'	Үү	[ү]	U'kimet
9	Y'/y'	Уу	[у]	Y'ız

Бір дыбыстың екі әріп немесе бір әріптің үстіне апостроф қою ауызшадан гөрі жазба тілдің проблемасы болатындығы күмәнсіз. Осының салдарынан компьютермен жазу кезінде бір әріп үшін екі әрекет (екі бармақ әрекеті) қажет етіледі. Қазақ тілін ана тілі және шетел тілі ретінде оқыту кезінде ыңғайлы, бас қатырмайтын, тез ұғынылатын таңбалардың таңдалуы оқытушы мен шәкірт үшін өте тиімді болады. Қазақстанның мәдениетін, өнерін және ғылыми жолын айқындайтын бұл сындарлы жолда ҚР президенті Н.Назарбаев берген бағдарға сай 2025 жылға дейін әліппеге қатысты жұмыстар жалғасу керек.

Латын әліпбиіне көшу түркі тілдес халықтардан гөрі осы заманның талаптарымен қоса тілдің өзі үшін міндетті болып тұр. Сондықтан фонетист, тілші, әдебиетшілерге зор қызмет пен жауапкершілік артылуда.

Шамамен 100 жылдық тәжірибесі бар Түркияның латын әліпбиі мәселесінде таңдаған жолы мен әдісі де түрлі жағдайларды басынан өткізген.

Түркияның латын әліпбиіне көшкеніне ғасырға жуық уақыт өтсе де, ана тілінде кездесіп, бірақ әліпбиінде көрсетілмеген созылыңқы “ä” мен “ñ” дыбыстарына қатысты әріп мәселелері бар. Себебі бұл дыбыстар “a” және “n” деп жазылатындықтан, түрік тілінің синтаксистік құрылымы бойынша мағынаның көмескіленуіне әкеліп соғады. Мысалы:

- a) Bu sene karım çok iyi.
- b) Bu sene kârım çok iyi.
- c) Bu sene kar çok iyi

Бірінші сөйлемде әйел, екінші сөйлемде саудадан немесе алып-сатудан түскен пайда, ал үшінші сөйлемде жауған қар мағыналарында жұмсалып отыр.

“Kalemini aldım” деген сөйлемде қаламның кімге тиесілі екені (оның ба әлде сенің бе) белгісіз. Бұл жерде қаламның кімге тиесілі екенін көрсететін “ñ” дыбысы.

a) Kalemini aldım (Onun kalemini aldım).

b) Kalemiñi aldım (Senin kalemini aldım).

Қорыта айтқанда, қабылданатын әліпби келешекте осы секілді және басқа да келеңсіздіктер мен қиындықтар тудырмас үшін, үйретуге, үйренуге жеңіл әрі қолайлы, әсіресе ғаламторда пайдаланғанда ыңғайлы ерекшеліктерге ие болуы тиіс. Әліпби мәселесі ең алдымен Қазақстан мен қазақ халқының білім беру саласында кездесетін келеңсіздіктерді ескере отырып, одан кейін түркі тектес халықтар мен тілі, мәдениеті бөлек халықтарға үйрету тұрғысынан қарастырылуы керек.

Қазақ халқының бүгінге дейін тіл, әдебиет, өнер, мәдениет, тарих т.б. салалардағы араб, латын немесе кирилл әріптерімен жарияланған ауызша-жазбаша еңбектері мен құжаттарын қабылданатын әліпбиге компьютер немесе ғаламторда көшірген кезде, қиындық тудырмайтындай болуын естен шығармаған жөн.

Әдебиеттер

1. Kutalmış, Mehmet. (2004), “*Tarihte ve Günümüzde Kazakistan’ın Alfabe Meselesi*”, Bilig, Sayı: 31, s.1-29 Ankara.
2. Güngör, Özkan (Çev.), (1996), “*Kazak Edebiyatı, Fundamental Turcica*”, AÜ TÖMER Türk Lehçeleri ve Edebiyatı Dergisi, Ankara.
3. Tamir, Ferhat. (2008), “*Ahmet Baytursunoğlu ve Arap Alfabesinin Islahı*”, Dil Araştırmaları Dergisi, Sayı:3, Ankara.
4. <http://www.ikitap.kz>, 07.12.2017

Қосымша әдебиеттер

1. Demir, N., Yılmaz, E. (2014), *Bitmeyen Öykü: Alfabe Tartışmaları*, Rapor, A. Yesevi Üniv. İnc. Araşt. Dizisi, SFN, Ankara
2. Güngör, Ahmet. (1996), “*Türk diliniñ alfaviti jäne buwınındestigi*”, AÜ TÖMER Türk Lehçeleri ve Edebiyatı Dergisi, Ankara.
3. Kaydarov, E. (1997), “*Kazakistan’da Latin Alfabesi Meselesi*”, Bilig, Ankara.
4. Musaoğlu, Mehman. (2002), “*Türkojinin Çeşitli Sorunları Üzerine Makaleler-İncelemeler*”, Kültür Bakanlığı, Kültür Eserleri, Ankara.
5. Nazarbayev, N. (1991), *Adiletiiñ ak joli*, Almatı.
6. Volkan Coşkun. *Standart Türkçe’deki Ünlüler ve Ünsüzler*, <http://dergipark.gov.tr/download/article-file/217410>, 18.02.2018
7. <http://www.alfabesi.com/latin-alfabesi/> 18.02.2018